

Қарғалы ауданы бойынша салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы

Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № 248 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 30 қарашада № 7745 болып тіркелді

З Қ А И - д ы ң е с к е р т п е с і !

Осы қаулы 01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 529 бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына сәйкес, Қарғалы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қарғалы ауданы бойынша салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қарғалы ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 26 қарашадағы № 208 "Қарғалы ауданы бойынша салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6500 тіркелген, 2019 жылғы 29 қарашада Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Қарғалы аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Қарғалы ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарғалы ауданының әкімі

А. Джусибалиев

КЕЛІСІЛДІ:

"Қарғалы ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы

М. Актаев

" ____ " _____ 2020 жыл

Қарғалы ауданы бойынша салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті

№	Салық салу объектісінің орналасқан жері	Аймаққа бөлу коэффициенті
Қарғалы ауданы		
Бадамша ауылдық округі		
1	Бадамша ауылы	2,7
Кемпірсай ауылдық округі		
2	Жосалы ауылы	2,45
3	Кемпірсай ауылы	2,2
Желтау ауылдық округі		
4	Петропавл ауылы	2,6
5	Ш.Қалдаяқов ауылы	2,5
Велихов ауылдық округі		
6	Ақжайық ауылы	2
7	Велихов ауылы	2,05
Әлімбет ауылдық округі		
8	Әлімбет ауылы	2,44
Қос Естек ауылдық округі		
9	Қос Естек ауылы	2,45
Ащылысай ауылдық округі		
10	Ащылысай ауылы	2,25
11	Преображеновка ауылы	2
12	Ақкөл ауылы	1,85
13	Бозтөбе ауылы	2
Степной ауылдық округі		
14	Степной ауылы	2,65
15	Қайрақты ауылы	2,65